



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№5 (809) Сәрсенбі 1 ақпан 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ҒЫРЫШ КОНСТРУКТОРЫ



2-бет

АҚЫЛЫ АҚЫЛДЫҢ ӘЛЕГІ



3-бет

71 ЖОБА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТКЕ ҰСЫНЫЛДЫ

Биыл Сырдария ауданының әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамыту бағытында қарқынды жұмыстар қолға алынбақ. Атап айтсақ, осы жылы бюджет және демеушілер есебінен 11,6 млрд. теңгені құрайтын 71 жоба әзірленіп, республикалық және облыстық бюджетке ұсынылды.

Сондай-ақ, Сырдарияда аудандық маңызы бар жолдардың басым көпшілігіне жөндеу жұмыстары жүргізіліп, елді мекендердің ішкі көшелері жаңартылады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Сырдария ауданының әкімі Мұрат Ерғешбаев мәлімдеді.

Аудан әкімінің айтуынша, биыл «Қызылорда-Қоғалықол-Шіркейл» аудандық маңызы бар автомобиль жолының орташа жөндеу жұмыстары толық аяқталмақ. Ал аудан тұрғындары үшін ең маңызды саналатын «Қызылорда-Айдарлы-Тартоғай» автомобиль жолына тиісті жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұдан бөлек, ауданға қарасты Айдарлы, Аманкелді, Жетікөл, Қоғалықол елді мекендеріне жарықтандыру жұмыстары басталып, электр желілері толық жаңартылатын болады.

«Ауданымызда былтыр нәтижелі жұмыстар жүзеге асырылып, барлық салаларда оң көрсеткіштер қалыптасты. Соларға арнайы тоқталып өтсем, өткен жылы аудан бюджеті 13,1 млрд. теңгені құрап, оның 70 пайызы әлеуметтік салаға бағытталды. Сондай-ақ, аудан экономикасына тікелей ықпал ететін өнеркәсіп өндірісі - 4,3 есеге артса, ондеу 56 пайызға ұлғайды. Ауданға инвестиция тарту да жақсы көрсеткішке ие болып, 219 пайызға орындалды. Ал тұрғын-үй құрылысының көлемі - 1,9 пайызға артып отыр. Халықты тұрақты жұмыспен қамту – күн тәртібіндегі ең маңызды мәселелердің бірі. Осыған сәйкес, былтыр жұмыспен қамтудың белсенді шараларының арқасында 3 115 адам жұмыспен қамтылып және 902 тұрақты жұмыс орны ашылды.

Сонымен қатар аймақ басшысының бастамалары негізінде, облысымызда кәсіпкерлік саласы өркендей түсті. Тиісінше, біздің ауданымызда да аталмыш саланы дамыту мақсатында 500 жобаға қаржылай қолдау көрсетіліп, нәтижесінде 450-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылды. Бұл сырдариялық азаматтардың кәсіпкерлік бастамаларына үлкен қолдау болғаны анық. Жалпы ауданымызда жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің үлесі - 94,1 пайызды құрап, былтырғымен салыстырғанда 18,4 пайызға артты», - деді аудан әкімі Мұрат Нәлқожаұлы.

ҚАЛАНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қызылорда қаласының даму перспективалары жөніндегі мәжіліс өтті.

Жиында өңірге арнайы келген сарапшылар - Қазақстандық урбанистер қауымдастығының төрағасы Ерлан Ауқенов, қауымдастықтың атқарушы директоры Мадияр Дәуірбаев және «ENVICON» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Роман Шнайдермен баяндама жасады. Аймақ басшысы қазіргі таңда облыс орталығы қарқынды дамып келетінін атап өтті. Халық саны да артауда. Сондықтан тұрғындар үшін жайлы орта қалыптастыру өте маңызды.

«Бүгінгі отырыста алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қалаларды дамытудағы оң тәжірибелері таныстырылып, Қызылорда қаласының даму перспективалары талқыланатын болады. Өздеріңіз білетіндей, қазіргі таңда Қызылорда қаласы қарқынды өсіп келеді. Қала аумағы кеңейіп, жаңадан тұрғын аудандар бой көтеріп, халық саны да артауда. Бұл, өз кезегінде, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында жайлы орта қалыптастыру, қала аумағын көркейтіп, қоғалдандыру қажеттігін тудырады. Қазірде бұл бағытта көптеген жұмыстар атқарылуда. Алдағы уақытта

жоспарларымыз да ауқымды. Қала аумағын дамытуда сала мамандарының пікірлері біз үшін өте маңызды», - деді облыс әкімі.

Қазақстандық урбанистер қауымдастығының төрағасы Ерлан Ауқенов еліміздегі қала дамыту тенденцияларын талдап, әлемдік урбанистиканың үздік тәжірибесін таныстырды. Атап айтқанда, қала келбетін әрлеп, қоғамдық кеңістіктерді жайлы әрі тұрғындар үшін қолайлы ету бойынша ұсыныстарын жеткізді.

«ENVICON» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Роман Шнайдермен компания қызметі туралы баяндап, Қызылорда қаласын дамыту жөнінде пікірмен бөлісті. Жиын соңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев айтылған ұсыныс-пікірлер назарға алынып, мұқият қарастырылатынын мәлімдеді.

Айта кетейік, Қазақстандық урбанистер қауымдастығымен бүгінде Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Павлодар, Шымкент, Тараз және басқа да қалаларды дамытуда бағытталған жобалар іске асырылуда.

800-ДЕН АСТАМ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ АНЫҚТАЛДЫ

Қызылордада ЖБО бейнекамералары арқылы бір аптада 800-ден астам құқық бұзушылық анықталды.

Қызылорда қалалық ПБ Жедел басқару орталығында полицейлер тәулік бойы үздіксіз өз жұмыстарын атқарып келеді. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен тәртіпті сақтау мақсатында анықталған құқық бұзушылықтар бойынша жедел жұмыстарды жүзеге асырады.

Бір аптада 102 нөмеріне 993 хабарлама келіп түсті. Ал Жедел басқару орталығының көмегімен 870 құқық бұзушылық анықталды. Оның ішінде ҚР ӘҚБтК-нің 593-бабымен (Жол жүрісі қағидаларында көзделген жолаушыларды және жүктерді тасымалдау, қауіпсіздік белдіктерін немесе мотошлемдерді пайдалану жөніндегі талаптарды сақтамауы) – 177 бұзушы, ҚР ӘҚБтК-нің 591-бабының 1-бөлігімен (Көлік құралын басқару кезінде жүргізушінің телефонды не радиостанцияны пайдалануы) – 62 жүргізушіге, ҚР ӘҚБтК-нің 596-бабының 1-бөлігімен (Көлік құралын жолдың жүру бөлігінде орналастыру, қарсы жүріп өту немесе басып озу қағидаларын бұзуы) – 1, ҚР ӘҚБтК-нің 600-бабы (Жол жүрісінде басымдықты пайдаланатын көлік құралдарының жүргізушілерін қоспағанда, жол жүрісі қағидаларының жауап жүргізушілерге немесе жол жүрісінің өзге де қатысушыларына жол беру талаптарын орындамауы) бойынша 45 жүргізушіге әкімшілік хаттаматолтырылды. Сонымен қатар, апта көлемінде бейнебақылау камераларының көмегімен екі қылмыс ашылды.



ЖОЛ КАРТАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНДА ҚАРАЛДЫ

Партияның сайлауды бағдарламасын іске асыру жөніндегі облыс бойынша Жол картасының 2022 жылға орындалу қорытындысы бүгін «AMANAT» партиясы жанындағы Өңірлік даму жөніндегі аймақтық қоғамдық кеңестің отырысында қаралды.

2022 жылы Жол картасы аясында өңірде 748 іс-шара орындалды. Соның ішінде халықты алаңдатқан тұрғын үй мәселесін шешуде пайдалануға берілген тұрғын үйдің көлемі 683,2 мың ш.м. метрді құрап, өсімі 103,3%-ды құрады. Яғни, өткен жылы 20 көпқабатты тұрғын үй іске қосылып, 15 көпқабатты тұрғын үйге жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Облыстық қалалық, аудандық маңыздағы 368 шақырым жолдарға жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қалыпты жағдайдағы жолдардың үлесі 82%-ға жетті.

Тұрғындарды алаңдатқан облыс орталығындағы жолаушылар тасымалы түрлілікті шешілуде. Осы мақсатта бүгінгі күнге жоғары сыйымдылықтағы 100 автобус сатып алына, биылғы жылы да қосымша 150 автобустар алу жоспарланып отыр. 10 елді мекен табиғи отынға қосылып, облыстың

газдандыру деңгейі 68%-ға жеткізілді. Мұнан бөлек, білім, медицина, спорт салалары бойынша да бағдарлама аясында атқарылған жұмыстар көптеп саналады.

Жиын барысында өңірлік даму жөніндегі аймақтық қоғамдық кеңес төрағасы Қожахмет Ильясов атқарылған жұмыстар ең алдымен халықтың әл ауқатын арттыруға және сол арқылы өңірдің даму көрсеткіші айқындалатынын сөз етті.

Сондай-ақ күн тәртібіндегі мәселеге сәйкес жауапты сала басшыларымен ортақ істі жетілдіру бағыттарын талқылады.

Кеңес отырысына облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, энергетика және коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшылары қатысты.

ӨҢІРЛІК БАҚ ФОРУМЫ ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПТАРДЫ ҚОЗҒАДЫ



Елордадағы «Қазмедиа» орталығында Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ұйымдастыруымен өткен медиа апталықтың алғашқы күні телевизия саласын қамтыса, екінші күні аймақтық БАҚ өкілдерінің форумына арналды. Апталық аясында Өңірлік БАҚ альянсы ұйымдастырған шарада масс-медиа жұмысына қатысты заңдарды өзгерту, медиа сауаттылығы дамыту, медианы сандық трансформациялау мәселелері талқыға салынды.

Өңірлік БАҚ форумын Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев ашты. «Өңірлік масс-медиа өкілдерінің басын қосып отырған форум «Astana Media Week-2018» аясында өтіп жатқаны баршаныңызға белгілі. Журналистер үшін, баспасөз қызметі мен ақпарат

саласының басқа да мамандары үшін көптеген семинар-тренингтер өтті. Мемлекеттік мүддені халыққа жеткізіп, қоғамдағы өзгерістерге сай көзқарас қалыптастыруда аймақтық медианың маңызы зор. Осы орайда қазіргі күні өңірлік ақпарат құралдарының алдында

ұлкен мақсат-міндеттер тұр. Ол – Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан саяси, экономикалық және рухани жаңғыру жөніндегі кешенді реформаларға жұртшылықты жұмылдыру», деді министр.

Өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары форумына еліміздің барлық аймағынан өкілдер барлық. Айта кету керек, 2018 жыл көптеген өңірлік масс-медиа тарихы мерейтойына толы болған екен. Дәстүрлі өңірлік БАҚ-тардың кейбіреулері 85-90 жылдық немесе ширек ғасырлық тойын тойласа, екінші бірі 20-30 жылдық асуын атап өткен. Сол себепті Өңірлік БАҚ форумының ашылу салтанаты барысында оларға құрмет көрсетіліп,

министрлік тарапынан алғыс хаттар тапсырылды.

Медиа апталықтың екінші күнінің еншісіндегі Өңірлік БАҚ форумында бұдан басқа көтерген тақырыбы өзекті бірқатар панельдік сессиялар өтті. Мәселен, олар «Қазақстандағы медиа сауаттылық пен медиа білімді дамытудың келесіге мен келеріне», «Дилемма: журналистика саласындағы кәсіби стандарттар қажеттілігі» және «Қазақстанда медиа этика бар ма?», «Отандық масс-медиа қызметіне қатысты заңнама саласындағы реформалар» тақырыптарына арналды.

«Ел тілегі» ақпарат

Арал теңізінің жағасында Бөген елді мекені мен Қарашаланың ортасындағы қазірде ауыл түгіл аты да аталмайтын Қызылқайыр деген жерде 1940 жылы 7 маусымда Қазыбайдың от басында ұл бала дүниеге келді. Рысжан шешесінің бұл уақытта Қымбат, Салиха, Зұлпат атты қыздары тоғызда, төртте және 2,5 жаста болатын. Күйеуі жоқ, жақында ұстап кеткен.

Бұл сәби болса болашақта атағы жер жарып бүкіл дүние жүзінің назарын аударып адамдардың кейбіріне мақтаншы, кейбіріне үрей сезімін тудыратын атақты «Боран» атты орбиталық космос жүк қорабын құрастыруға қатысқан «С.П.Королев атындағы Космос зымырандарын құрастыратын ҚБ» атты аса құпия әскери мекемесінің болашақ жетекші инженер-конструкторы Оңғарбай Қазыбаев болатын. Өз әкесі Қазыбай Үдербайұлы (1905 ж туған). 1940 жылы айдалып кетті. Айы-күні жетіп отырған келіншегіне қарамай үш бірдей қызын тірлей жетім қалуына бар жоғы молданың алдын көрген Қазыбай, өлік алдындағы мұсылмандық парызын орындап намазын шығарғаны үшін. Кейін сол жақтан соғысқа кеткен әкесі іште қалған ұлы Оңғарбайды көрген де жоқ. Шешесі Рысжан Бейсенқызы соғыс уақытында осынша баласымен халық жауының әйелі деп әскери от - басына бөлінетін жәрдем пайызында ала алмаған. Тек 1946 жылы соғыстан оралып Қымбат апасына үйленген Әжіғали жездесінің сауаттылығының арқасында Қазыбайдың соғысқа қатысқаны туралы дерек көздерін тапқан соң әскери отбасының санағына тіркеген. Себебі тағдырдың соқапағы Бөгеннен 1942 жылы соғысқа кеткен Әжіғали жездесі, ауылдасы әрі болашақ қайын атасын Сталинград майданында кездестірген. Соғыс аяқталғаннан кейін «Қазыбай Үдербайұлы Сталинград түбінде опат болған» деген хабар алынды, онда да осы іште қалған Оңғарбайдың жоғары дәрежелі қызметінен жазған зерттеу артызының нәтижесі еді.

Оңғарбай Арал ауданы Қарашалан елді мекенінде 8-жылдық мектепте оқиды. Әрине сол кездегі білім жүйесінің жақсы жолаға қойылғаны сондай кішкентайынан таланттылығы көзге көрініп тұрған баланы 1 -классқа қабылдап сол оқу жылында екінші классы аяқтап шығарады, келесі жылы 3-классқа қабылдап сол жылы 4-классы аяқтаған Оңғарбай, отбасының көшуніе байланысты 5-класстан бастап Бөген орта мектебінде оқиды. Әкіметтің бір тілді ұлт қыламы деген саясатына сәйкес Аралдан 130 шақырым жерде жатқан теңіз түкпіріндегі Бөген елді мекенінде жер аударылып келген профессор үлкен қалаларда институтқа сабақ берген оқытушылар, тәрбие жөнінде диссертация қорғаған Ленинградтан келгендер орыс класстарын ашқан.

Міне, сол себепті Бөген орта мектебінде 5-класстан 10-классқа дейін қазақ мектебінде орыс класын бітірген Оңғарбай Арал қаласында бір-екі жыл орыс тілінде сабақ беріп ұстаз да болған. Әрине бұның бәрі кейінірек, яғни Бауманға Москвадағы оқуға қабылдандық, енді өзіміз шақыру қағазын жібереміз деп Алматыдан ауылға келгенде жасаған еңбек жолының бастауы еді. Сонымен айдалып келгендер уақыты келген соң елдеріне қайтса, орыс класстарға бала жетпейді соған қарай класстарды жаппау үшін талапты баланы өз қалауынсыз орыс классқа тіркеген. Оңғарбай Бөгеннен он жылдық орыс классты 1953 жылы бітіріп, 1957жылы темір жол училищесіне документ тапсырады. Қазалыда тұратын Ниязғали жездесіне тұрмысқа шыққан Салиха апасының үйінде жатып, темір жол училищесінде машинист көмекшісі деген мамандықты өте жаксы деген бағамен аяқтаған Қазыбайұлы Оңғарбайды 1959 жылы жолдаманы Теміртау темір жол депосына жібереді.

Бірде газеттен Бауман атындағы жоғары оқу орнына конкурс жарияланғаны оқиды да, Алматыдағы мекен-жайына орысша орта мектепті оқыған, ЖДУ-ды қызыл дипломмен өте жақсыға бітірген Оңғарбай, сондағы жарияланған алгебра есептерін шығарып салып жіберсе, «Тіркеуге алдық, енді келіп сынақтан өтесің!» -деген шақыру қағазы алады. Теміртауда қадр бастығына арыз жазып, Алматыға барғанда барлық пығыс елдерінен Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстаннан, Тәжікстаннан алты орынға 24 бала жинаған екен. Сол сынақтан ойдағыдай өтіп алты баланың біріне ілігіп қабылдандық, енді өзіміз шақыртпамыз деген соң, студент болып елге келеді.

Оңғарбай емтихан қамымен Алматыда жүргенде сырттай оқып жатқан бір адамға есебін шығаруға жәрдем бергенін айтады, сауатты бала ол кісіге берген көмегінде ұмытып кетеді. Арada бірнеше күн өткенде әлгі адам өзі жоқта іздеп келіп қасында бөлмеде жататындарға көрсетіп төсегінің астына ақша қалдырып кетіпті,-деп күлетін. Қияндағы құм мен теңіз қоршаған Бөген



ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ҒАРЫШ КОНСТРУКТОРЫ

мектебінің түлегі осылайша өз таланты мен қанында бар тектілігінің арқасында атағы әлемге әйгілі Москвадағы Бауман атындағы Жоғары оқу орнынан бір ақ шығады.

Расында туғаннан жетімдік, аштық, бала болып ойнамаған Оңғарбай, бала болып ойнамаған деген сөз бекер айтылып отырған жоқ, әкем Әжіғалидың қолына қарап өскен жетім кемпірдің күйеуі баласынан басқа сүйенері жоқ болатын. Әкеме Оңғарбайдың кішкентай кезін айт дегенде, ол ойын баласы болып айкайласып, жүгіріп, таласып жатқанда бөтен бала құсап соларға қарап тұратын, ешқандай алыспып жұлспайтын өте түйік болатын мен ойлайтын едім бір жері ауыртатын шығар, неге басқа балалардай емес деп, сөйтсем бұны байлап тұрған санасымызды білім тетіктері екен-ау, ойын баласына қоспай тұрған,-деп отыратын.

Иә тағдыр дегенін жасайды. Рысжан шешесіне үш жетім қызбен бір ұлды азынғандай 1952 жылы Панабек атты ұлды берді. Бөгеннен шыққан сол інісі Алматыдағы атақты поршен зауытында бригадир болған. Өзінің еңбекүйшілігінің арқасында ұжымға сыйлы болғанын, еңбегі ескеріліп сол кездегі қазақ жастарының сүйіктісіне айналған «Лениншіл жас» газетіне суретімен еңбек жолы жазылған мақала шығып, кейіннен төрт баланың әкесі деп сол мекеменің кәсіподақ комитеті Алматыдан төрт бөлмелі пәтер бөлген Панабекке.

Ауылдастары, Байнаш,-деп атап келген Панабек інісін кейіннен Алматы-Москва поэзия жолсерік қылып ауыстырып, өзін қызметтен шыға алмасам да, маған бауырым келіп тұрсын деген еді Оңғарбай.

Бауман атындағы университетті үздік оқығаны емес пе сол замандағы атақты академик Бармин В.П. Оңғарбай Қазыбаевты өз қарауына алып, университетті бітіргенде қасына ассистент қылып алып қалады. Ал академик Бармин В.П. болса СССР дағы космос әлемінің бас конструкторы С.П.Королевтің бірінші орынбасары болатын. Аталған адамдардың жұмысының құпиялығы сондай, айға ұшырылған зымырандары аспан әлеміне адам емес ит,мысық ұшырылса да конструктор есімі ағалмайтын.

Сонау жағасын теңіз аймалаған Бөгеннен шыққан қою қалың шашты, арықша, қағіз қара балаға академиктің тандауының түсінуінің өзі, Оңғарбай Қазыбайұлының дарындылығының қаншалықты дәрежеде екенін көрсетсе керек.

Ауылға келгенде біз сұрап қоймаған соң, өзінің әскери зымыран қондырғыларын бронды танкіге орнатудағы ерен еңбегі үшін Патон медалымен марапатталғанын айтқанда, мен медалды бәрі алмай ма дегенім көңілім толмай, сонда ол жоқ бұл ерекше, себебі бұл медалды СССР да он адам ғана алған,-деп жауап қатқан.

Расында Королев атындағы конструкторлар бюросына қабылданып, артынан жетекші конструктор болуы, космостық зымыран қондырғыларын

жетілдіру саласына қызмет атқарудың өзі көп нәрсені аңғартқандай.

Өзінің айтуына қосмановтар ұшатын күндері жақындағанда, бұлардың бөлімін ескертіп сұрақ жауап түрінде кездесу өткізді. Әңгіме тек сұхбат есебінде космостағы штаттан тыс жағдайда шығу түрлері ғана болып аз ғана уақытқа созылады. Қосмановтар бірнешеуі болып келеді және қайсысының ұшатыны әңгіме болмайды, тек осындай кездесуден соң міндетті түрде үш күннен соң бүкіл БАҚ адам ұшқанын хабарлап жатады.

Әлкисса, бірде өте қауіпті аса құпия желел мені шақырып жол сапарға жібереді, деп бастады әңгімесін Оңғарбай, бір әскери бөлімнің жер асты шахтасында аса қауіпті жағдай орын алып, радиация қауіпі бар (утечка радиации) деген дабыл қағылған. Бүкіл әскери бөлім соғыс жағдайындағыдай тік тұр. Дабылдың себебін анықтау үшін жер астына түсу керек, ал аппараттардың радиация көрсетуі себебін анықтауына жауапты полковник жер асты шахтаға түсету берілген бұйрықтан бас тартып пистолетті мен партбилетті столға қойған екен. Бұл әрине соңынан естігендері. Генерал амалсыз Бас Штабқа баяндаған екен. Олар тез арада жетекші конструктордың өзін жіберуге шешім шығарған. Егер олар радиация анықталған жағдайда ғана, шахтаны жоюға кірісуге бұйрық береміз деп ұйғарған. Ұшақпен тез арада жеткізді, генерал өзі күтіп алып, бар үміт сенде дегендей жоғарыдағы жағдайларды баяндайды. Мен олардан өзімді оңаша қалдыруымды сұрап кай прибор қай көрсеткішке хабарлаған. Ол қондырғының өзін тексеру керек, алған импульс сигналының келесі прибордың қабылдау жүйесінің дұрыстығына көз жеткізіп шешім шығару үшін жоғарыға дәлелінді нақтылап әскери тілмен баяндап отыруға тиіссін. Бұл айтуға оңай ал іс жүзінде сенің артында мыңдаған адамның еңбегімен олардың тағдыры, қаншама солдат, офицердің өмірі сенің дұрыс шешіміңнің қолында қыл үстінде тұрғанын сезінудің өзі жауапкершілікпен қатар қорқыныш сезімін де тудырады, сол сезімнің өзін басуға да ерік жігерің керек.

Өз сараптамады бітіріп шешімімің дұрыстығын дәлелдеу үшін генералға мені шахтыға түсір дедім. Бәрі үнеіз мен өз есебімді шығарып болып приборды алмастырам деген тоқтама келгенді тек аса құпия байланыспен Бас штабқа ғана айтқанымын. Жер астында түсіп есебім мен шешімім дұрыстығын дәлелдеу үшін дабыл көрсеткен приборды алмастырды, менің барлық қимылымды бас штабтағылар монитормен қарап отыр тым-тырысы. Алмастырылды. Аппаратты іске қосуға жергілікті келісім алдым да қостым. Екі секундтан кейін Монитор «бәрі қалыпты» деген жазуды жарқ еткізді, есебім дұрыс! Жер үстіне көтерілгенде барлық офицер құрамасы сапта тұрып қол шапалақтап, құрметпен қарсы алды. Солай болған деп әңгімесін жағастырып, генералдың үйінде қонақта болғанын, самолетке машинаны өзі

Қызылорда облысы, Арал ауданы, Бөген елді мекенде туып, Жуковский қаласындағы зиратта жерленген Қазыбайұлы Оңғарбай (1940 ж.7.06 т.–2022ж.26.02қ.б.) туралы, яғни Москвадағы Бауман атындағы жоғары техникалық училищені үздік бітірген, дүниені дүр сілкіндірген атақты Боран космос кемесін жасауда жетекші конструктор ретінде ат салысқан, белгілі академик В.П. Барминнің шәкірті әрі ассистенті, «Мясищев – Техсервис» ААҚ танкіге реактивті қондырғы орналастыру құпия мекемесінде Бас конструктордың 1-ші орынбасары, қазақтан шыққан тұңғыш ғарыш конструкторы жайлы айтқымыз келеді.

отбасы да жүз пайыз мемлекет қамқорында болатынын айтатын. Теңіздің ашы суымен денесі қақталған,тоя тамақ ішпей жетімдік зарын көріп өскен бала, өмірден өз орнын алу үшін біліммен қаруланып қоймай өжеттікпен сайыстарда да есе жібермеуге тырысып спортқа белсене араласқан. Москваға темір жолдың жылына бір рет машинистерге тегін беретін билетпен анам Қымбат Қазыбайқызын Жуковскийдағы Оңғарбай інісіне алып барғанда 1981 жылы, Олимпиада 80-нен соң 10 күндей үйінде қонақ болғанда, сонау 1967 жылдардағы шаңғыдан студент кезіндегі 1-ші орын алған мақтау қағазын да көргенмін.

Сондай бір қысқы шаңғы жарысында жедел жәрдем машинасымен ауруханадан бірақ шыққан. Диагнозы өкпе ауруына шалдыққан шұғыл ота жасау және ол үшін есінен танып жатқан адамға отбасының біреуінен қолғап алу қажет, болмаса ота жасауға ешкім тәуекел ете алмайды, себебі дұрыс болмаса дәрігер сотталады, әрі бас дәрігерді де істі қылады, заң солай. Ал жалғыз шешесі Рысжан Бейсенқызы сонау Аралдың түкпіріндегі Бөгеннен келу түгілі жазған хат он күн жүреді, ал теллеграма ол кезде Аралға ғана барады. Байланыс жоқ.

Сонда Оңғарбайдың көер жарығы ғой, дәрігер әйел жас баланы аяды ма, «Өзім тәуекел етем, ота жасамай өлтіргенше, жасап аман алып қалуға тәуекел етем, өлсе жауабын берем» деп қол хат жазып бас дәрігердің рұқсатымен отаны өзі жасаған. Дәрігер әйел кейіннен студент баланың қап-қара артқа қайырылған қою шашы мен жарқыраған маңдайын ашып тұрған ойлы қара көздері емес, оның сөйлеу мәдениеттілігі мен терең білімі таң қалдырған болу керек, сол ауруханада интернед жүрген қызымен таныстырып, екеуінің жүргендегі пок сезімдерін махаббатқа ұластыруға есебепкер болған екен. Арada бір жыл салып ағамыз Оңғарбай дәрігердің қызы Раиса Михайловнаға үйленген.

Оның ерекшелігі ауылда қазақ мектепте орысша оқыған. ЖДУ-дың сабағы орыс тілінде, Теміртауда тепловоз машинистері орыс, Аралда орыс тілінен сабақ берген мұғалім, Москвада тұрған, келіншегі москвалық орыс, қазақша білмейді, ауылға 4-5 жылда оншақты күнге келеді, бірақ таза қазақша сөйлейді. Шалқарда үйімізге Қымбат апасына келгенде марқұм келіншегім Макиза Ормантайқызына домбыра тартқызып, әнінің сөзіне өзі қосылып отыратын. Біз «аға обед ішейік, дайын»,-деп аса шақырғанда, «орысша айтып қойдың ғой» деп ескерту жасап бізді ұялтатын. Өзі таза қазақша сөйлейді. Ой, ол орысша оқыған ғой, Қазақстанда тұрғанмен жолдастары орыс, қазақша түсінеді ғой, тек сөйлей алмайтыны болмаса, ол таза қазақ, деп мінбеле орысша сайрап тұрған министрлерді жақтап жатқанда, сол Москваның қак төріне тұрған, С.П.Королев атындағы ҚБ да жұмыс жасап, қазір зейнетке шыққан, өз тілін ұмытпаған қазақ әндерін сағынатын Оңғарбай нағашымын ерекшелігі неде екен деймін. Сауаттылығы ма, ұлжандылығы ма? Олай дейін десем Қазақстанда тұратын мінбеге шығып орысша сайратын министрлер сауатсыз болғаны ма, әлде ұлттың сүймейтіндер ме, таңғаламын.

«Алматыда суық хабар тиісімен Москваға ұшып, ауруханадағы басыларға құржанып көретіп, мүрдені жақын бауыры, әрі оның мұсылман екенін айтып, өртеуге дайындап қойған жерінен әрең дегенде қолыма тиіздім. Енді қалғаны жеңілдемсе де әйелі Раиса Михайловна өртеуден аман алың, енді Баласы жерленген орыс зиратына қоямын дегеніне көнуге тура келді.

Мешіт имамына жағдайда түсіндіріп, жаназасын шығартып, мұсылмаша жерлеп қайтыпты»,- деді жиені ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының лектор-сарапшысы, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының Академигі Жанділда Әжіғалиұлы.

«Боран» жүк тасымалы кемесін жасауға қатысқан, «Бор» космос ұшағын құрастыруға бастан аяқ атсалысқан жетекші конструктор, «Мясищев-Техсервис» ААҚ құпия мекемесінде директордың 1-ші орынбасары, қазақтан шыққан тұңғыш ғарыш конструкторы нағашымыз Оңғарбай Қазыбаев Жуковский қаласындағы зиратта жерленген.

Құй қараң бол, төрен бол Құй қожан бол, молдан бол Бәріне де бір өлім.

«Жазмыштан озмыш жазу» деген адамзаттың асыл арманын Алланың қалауымен жүзеге асыратын ойшылар мен ғұламалар. Топырағын торқа болың!

Бекділда ӘЖІҒАЛИҰЛЫ,
Ақтөбе облысы,
Шалқар қаласы,
Жанаман ахун
Сейтімұлы мешіті.
Ақсақалдар алқасы мүшесі
2022 жыл. Қараша.

ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Арал

ЕКІ МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚ ТЕНҒЕ ӨНДІРУ ТУРАЛЫ ТАЛАП ҚОЮ МЕДИАЦИЯ ТӘРТІБІМЕН РЕТТЕЛДІ

Арал аудандық сотында талап қоюшы И.-дың жауапкер У.-дан 1 898 376 тенге өндіру туралы талабы медиация тәртібімен реттелді.

Талап қоюшының талабына сәйкес, жауапкер 2021 жылы талап қоюшыдан қарызға ақша алған. Алайда, алған қаражатты қайтару туралы міндеттемені орындамауына байланысты, талап қоюшы берешекті өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгіруге мәжбүр болған.

Татуластырушы-судья тараптармен әңгімелесу барысында оларды бітімге шақырып, «Медиация туралы» заңның, сондай-ақ сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы татуласудың тиімділігі мен салдарын түсіндірген.

Нәтижесінде тараптар дәлелдемелері мен дауды бейбіт жолмен реттеудің нұсқалары ұсынылған сотқа дейінгі хаттаманы жасау арқылы татуласып, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жасасқан. Келісімге сәйкес жауапкер берешек қарызын ай сайын талап қоюшымен өзара келісілген мөлшерде бөліп төлеуге уағдаласқан.

Сот ұйғарымымен дауды реттеу туралы медиативтік келісім бекітіліп, іс жүргізу өндірістен тоқтатылды.

Қазалы

АУДАН ӘКІМІ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ

Қазалы ауданының әкімі Мұхтар Оразбаев кезектілік тәртібімен жазылған 7 тұрғынды жеке сұрақтары бойынша қабылдап, көкейде жүрген мәселелерін тыңдады. Қабылдауға келген азаматтардың басым бөлігі әлеуметтік көмек сұрап, тұрғын үй, кәсіпкерлік мақсаттағы жер мәселесіне қатысты сауалдар көтерді және тұрақты жұмысқа орналасу жөнінде көмек сұрады. Аудан басшысы жауапты тұлғаларға әр азаматтың

мәселесін жіті талдап, өтініштерін заң аясында шешуді тапсырды. Баяндама жасап, көпшілікке оның еңбек жолын түсіндірді.

Шара соңында жиналған көпшілік өзіндік ой-пікірін ашып айтып, өз ұсыныстарын да назардан тыс қалдырмады.

Қармақшы

КӨПҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ АРАЛАДЫ

Аудан басшысы Жандос Еркінбек Жосалы кентіндегі Сегіззов көшесінің бойында орналасқан көпқабатты тұрғын үйлердің жай-күйімен танысып, тұрғындардың ұсыныс- пікірлерін тыңдады. Аудан әкімі кент орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлердің жай-күйін ең алғашқы жұмыс күнінен бастап бастан назарда ұстап отыр.

Тұрғын үйлерді аралау барысында аудан басшысы тұрғын үйлерді модернизациядан өткізу туралы тиісі талап басыларына тапсырмалар беріп, кенттің келбеті мен тазалығын сақтау – баршамыздың ортақ

борышымыз екенін айта келе, пәтер иелеріне аумақты таза ұстау, ластамау, санитарлық-тазалық талаптарын қатаң сақтау жөніндегі ұсыныстарын жеткізді.

Сырдария

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ САЛАСЫНДА ҚАРҚЫН ЖОҒАРЫ

Сырдария – ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамыған аудандардың бірі. Былтыр ауданда 991 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылып, егілген егіннен мол өнім жиналды.

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Сырдария ауданының әкімі Мұрат Ерғешбаев мәлімдеді.

–Ауданымызда былтыр бидай- 619 гектарға, мақсары – 194 гектарға, күнбағыс – 2 гектарға, картоп – 88 гектарға, көкөніс – 19 гектарға, бақша өнімдері – 77 гектарға егілді. Өңірімізде су ташпшылығы мәселесі әбгерге салғаны белгілі. Алайда, ауыл басшысы бұл мәселені дер кезінде көтеріп, алдын ала шараларын жүргізді, – деді аудан әкімі Мұрат Налкожаулы.



(30.01-05.02.2023)

Токты (21 наурыз-20 сәуір)

Бұл апта Токты белгісіндегілер үшін қарбалас болады. Достарыңыздың біреуімен қарым-қатынасыңыз алыстай бастағанын сезінуіңіз мүмкін.



Торпақ (21 сәуір-20 мамыр)

Осы аптада серіктестік қарым-қатынастар нашарлауы мүмкін. Отбасында түсініспеушіліктер болса, сабырлы болғаныңыз дұрыс.



Егіздер (21 мамыр-21 маусым)

Жұлдыздар апта барысында денсаулыққа барынша көңіл бөлуге кеңес береді. Қажетті профилактикалық шараларды алдын ала қабылдауға тырысыңыз.



Шаян (22 маусым-22 шілде)

Апта махаббат сезімінің сынағы болады. Бір сәтте сіз жақын адамныңыздың салқындағанын сезінуіңіз мүмкін немесе сізді қызғаныш сезімі аздаптайды.



Арыстан (23 шілде-22 тамыз)

Арыстандар осы аптада жеке өмірінде қиын жағдайға тап болуы мүмкін. Бұл әсіресе ата-анасымен бірге тұратын жас отбасыларға қатысты.



Бикеш (23 тамыз-22 қыркүйек)

Бикештер бұл аптада денсаулықты қорғау шараларына ерекше көңіл бөлуі керек. Суықтың немесе жөтелдің ықтималдығы артады.



Таразы (23 қыркүйек-22 қазан)

Қаржылық мәселеде қиындықтар туындауы мүмкін. Отбасылық жанжалға аса мән бермеген жөн. Сондай-ақ бас әңгімелерден аулақ болған жөн.



Сарышаян (23 қазан-21 қараша)

Осы аптада отбасы мүшелерінің алдында өз ұстанымдарыңызды айта аласыз. Дегенмен сіздің белгілі бір әрекеттерге қатысты ниетіңіз жақын туыстарыңыздың, ата-анаңыздың пікірімен кайшы келуі мүмкін.



Мерген (22 қараша-21 желтоқсан)

Жалған қауесет, өсең-аяңдардан сақ болған жөн. Өмір өткізіп, тіршілік бар жерде әңгіме де көп болады. Сондықтан оған бола жабырқамансыз, қайта өзіңізге есеп беріп, өзіңізді басқадан көш ілері екеніңізге шүкірлік қылыңыз.



Тауешкі (22 желтоқсан-19 қаңтар)

Жұлдыздар өздерінің қабілеттері мен мүмкіндіктерін байсалды түрде бағалауға кеңес береді. Достарыңызбен және таныстарыңызбен қарым-қатынастар айтарлықтай шиеленісуі мүмкін.



Сүкүйғыш (20 қаңтар-18 ақпан)

Сүкүйғыш белгісінде туылғандардың басты мәселесі өзіне деген сенімсіздік. «Көз қорқақ, қол бағыр» деген қағиданы басылыққа алуға тырысыңыз.



Балықтар (19 ақпан-20 наурыз)

Осы аптада өз беделін қорғауға мәжбүр болады. Жасырын немесе заңсыз әрекеттерден аулақ болуға тырысыңыз.



МӘМС

2023 ЖЫЛЫ МӘМС ЕСЕБІНЕН СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕКТІ КІМ ЖӘНЕ ҚАЛАЙ АЛА АЛАДЫ?

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры стоматологиялық қызмет көрсету үшін стоматологиялық клиникалармен тікелей келісімшарттар жасай бастады.

«Биыл МӘМС есебінен стоматологиялық қызмет көрсету бойынша не өзгерді?»

«Стоматологиялық көмек көрсету процесінде еш өзгеріс жоқ, пациенттер бұрынғыдай медициналық көмек алады. Тек келісімшартқа отыру әдісі яғни шарт жасасу жағы өзгерді.

пациенттер, көп балалы аналар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар және басқалар шұғыл көмек ала алады.

«Стоматологиялық қызметтерді алу кезінде белгілі бір медициналық ұйымға тіркелу маңызды ма және стоматологиялық клиникалар «өз емханаларына тіркелуді талап ете ала ма?»

«Жоқ, талап ете алмайды. Қазір біз әлеуметтік желілерде стоматологиялық клиникалардың хабарламаларын көріп отырмыз.

«Бізге осы мәселе бойынша көптеген шағым келіп түсті. Қор оларды қарап, пациенттердің құқығын қорғау бойынша тиісті шаралар қабылдайды.

«Стоматологиялық қызметтерді алу үшін емханадан жолдама алу керек пе?»

«Емханадан жолдама керек емес. Ең бастысы, пациент МӘМС немесе ТМҚК аясында стоматологиялық көмек алушылардың санаттарының біріне кіруі керек және медициналық көрсеткіштері болуы тиіс.

«МӘМС есебінен стоматологиялық қызметтерді алу үшін сақтандыру мәртебесі қажет пе?»

«Егер медициналық қызмет МӘМС тізіміне кірсе, мысалы жоспарлы медкөмек алу үшін сақтандыру мәртебесі міндетті түрде керек. Егер қызмет ТМҚК тізімінде болса, мысалы, қатты ауырсыну болса, онда мәртебе қажет емес және медициналық қызмет тегін

көрсетіледі. Пациенттер барлық медициналық қызмет түрлерін тек медициналық көрсеткіштер бойынша ғана ала алады.

«Сондай-ақ, жоспарлы стоматологиялық көмек алушылар балалар мен жүкті әйелдер екенін атап өткен жөн. Балалар – мемлекет жарна төлейтін азаматтардың бірінші жетілдік санаты.

«Негізгі көрсетілетін медициналық қызметтердің тізбесі ауқымды. Кәсіби тілмен айтқанда, стоматологиялық клиникалар амбулаториялық деңгейде консультациялық-диагностикалық қызметтер

стандартына сәйкес көрсетілетін болады (Ескерту: ҚР ДСМ 2016 жылғы 12 желтоқсандағы No 1053 бұйрығы).

«Стоматологиялық клиниканы өздігінен таңдауға бола ма?»

«Иә, болады. Тек бұл клиника Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жеткізушісі болып табылатындығын анықтаған жөн. Жеткізушілердің тізімін fms.kz ресми сайтынан көруге болады немесе клиниканың өзінен сұрау керек.

«Қазір емханаларда стоматологиялық көмек қарастырылған ба және оған кім жүгіне алады?»

«Тиісті жадықтары мен мамандары бар емханаларда стоматологиялық көмек алуға

Infographic titled 'СТОМАТОЛОГИЧЕСКАЯ МЕДИЦИНСКАЯ ПОМОЩЬ ОТДЕЛЬНЫМ КАТЕГОРИЯМ ГРАЖДАН КАЗАХСТАНА' showing a 3-step process: 1. Обратиться в стоматологическую клинику, 2. Убедиться что стоматология входит в перечень поставщиков Фонда медстрахования, 3. Получить лечение/установить пломбу/удалить зуб.

мен манипуляциялар ұсынады. Мұнда пломбалау, тісті жолу және жансыздандыру қызметтерін алуға болады.


«Сондай-ақ МӘМС аясында жақ-бет аймағының туа біткен патологиясы бар балаларға амбулаториялық деңгейде ортодонтиялық пластина орнатылады.

«Егер пациенттердің стационарлық жағдайда стоматологиялық көмек алуға көрсеткіштері болса, онда ол ауруларды диагностикалау және емдеу хаттамаларына және Қазақстан Республикасында стоматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру

«Егер пациентке МӘМС есебінен стоматологиялық қызмет көрсетуден бас тартса немесе толық көлемде медициналық көмек көрсетілмесе не істеу керек?»

«Бұл жағдайда сіз осы клиниканың пациенттерді қолдау қызметіне хабарласуыңыз керек немесе Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы немесе 1406 нөмірі арқылы Медициналық сақтандыру қорына хабарласуыңыз керек.

Уақытша сақтандырылған мәртебесін Qoldau 24/7 қосымшасы арқылы қалай алуға болады?



Өтініш беру мәртебесін тексеру үшін:

- Негізгі бетте мәзірді көрсету үшін, сол жақ жоғарғы бұрыштың 3 жалаңыт басыңыз
- Мәзірден «1406 60 өтініштер» бөлімін таңдаңыз
- Бөлімде сәтті өтініштеріңіз көрсетіледі
- Егер сәтті өтініштіңіз мақұлдана, өтінім жабылады.



МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЛАЙ УАҚЫТША САҚТАНДЫРУҒА БОЛАДЫ?

Халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтары мемлекеттен медициналық сақтандыру жарналарының арқасында МӘМС шеңберінде медициналық көмек ала алады.

Сіздердің назарларыңызға Qoldau - 24/7 қосымшасының көмегімен сақтандырылудың уақытша мәртебесін қалай алуға болатыны туралы толық нұсқаулықты ұсынамыз.

«Ел тілегі» ЖШС Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының сайлауына орай үгіт насихат материалдарын Республикалық «Ел тілегі» газетіне орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады.

«Ел тілегі» ЖШС Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPU00035077 куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС
Директор
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы
Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
Сыдықова Жанар
ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ
Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны : (ҚҚС жоқ)
бірінші бетте орналастыру - 200 теңге;
ішкі бетте орналастыру - 150 теңге;
ең соңғы түрлі-түсті бетте - 120 теңге
Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады.

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Байтұрсынов көшесі 46/36
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.
Газеттің әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді
Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді
Таралымы 5920 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №20
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/